

Қашықтықтан оқыту жағдайында аралық / қорытынды аттестаттау рәсімдерін өткізу бойынша білім алушыларға арналған нұсқаулық

Жалпы нұсқаулық. Аралық аттестаттау

Аралық/қорытынды аттестаттау кезінде емтихандарды ойдағыдай тапсыру үшін:

1. Аралық/қорытынды аттестаттау басталғанға дейін кем дегенде **15 күн ішінде** Университет сайтында өту ережелерімен танысу (С.Аманжолов атындағы ШҚУ-да білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы) Ереже, «С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың академиялық саясаты», Академиялық адалдық ережелері»).

Аралық/қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулықтардың барлық пунктін E-Univer порталында/қашықтықтан оқыту порталында жеке кабинеттен оқу.

Апелляция өткізу қағидаларымен танысу (қажет болған жағдайда).

2. Аттестаттау басталғанға дейін кемінде **15 күн ішінде** емтихан тапсыру аттестаттаудан өту кезінде техникалық мәселелер туындаған жағдайда факультет деканына/емтихан қабылдаушы - оқытушыға хабарлау (болған жағдайда).

3. Силлабуста көрсетілген мәліметтерді, дәрістер мен практикалық сабақтар материалдарын, сондай-ақ өзіндік жұмыс барысында алынған мәліметтерді пайдалана отырып, емтиханға дайындық жүргізу.

4. Аралық аттестаттау басталғанға дейін кемінде **5 жұмыс күні ішінде** эдвайзерге/ деканға емтиханның аудио - және бейнежазбасына және кейіннен бүкіл емтиханның сақталуына жазбаша келісім беру.

5. Дайындық кезеңі:

1) Edu.vkgu.kz сайтына кіруді тексеру (логин-ЖСН, пароль, жеке куәлік нөмірі);

2) Аралық / қорытынды аттестаттау басталғанға дейін қашықтықтан оқыту (ҚО) edu.vkgu.kz порталында немесе eUniver.vkgu.kz порталында жеке кабинетте орналасқан емтихан кестесімен алдын ала танысу және әр пән бойынша рейтинг-рұқсат алу $((МБ1+МБ2) / 2) > 50$. Емтиханды өткізу түрін, емтиханды өткізу шарттары мен ерекшеліктерін, мерзімдерін нақтылау.

3) Силлабуста бағалау критерийлерімен танысу.

4) Тесттерді онлайн-прокторингпен тапсырған жағдайда студентке 15-ші аптада байқау тестін тапсыру мүмкіндігі беріледі. Байқау тестілеуінің нәтижесі аттестаттау кезінде ескерілмейді

6. Аралық / аттестаттауды өткізу күні:

1) **емтихан басталғанға дейін 1 сағат ішінде** – сұрақтарға жауап беру үшін таза ақ парақты, көк түсті пастасы бар қаламды және емтихан тапсыруға қажетті басқа да кеңсе (калькулятор, сызғыш) заттарын дайындау;

2) **емтихан басталғанға дейін 20 минут ішінде** – емтихан қабылдаушы – оқытушы жіберген сілтеме бойынша, стримингтік платформаға қосылу (техникалық ақаулықтардың болуын мониторингілеу және оларды уақтылы жою мақсатында);

3) **емтихан басталғанға дейін 20 минут ішінде** келесі кезеңдерден өту:

а) вебкамераны білім алушының жұмыс орны көрінетіндей етіп келтіру және орнату;

б) жеке басын сәйкестендіру (компьютер / ноутбук/ планшет / ұялы телефон экраны арқылы емтихан қабылдаушы – оқытушыға жеке куәлікті көрсету);

7. Емтихан қабылдаушы – оқытушының емтиханды өткізу тәртібі бойынша нұсқаулығын тыңдау;

8. Емтихан билетінің нөмірін анықтау (Компьютер экранында, емтихан қабылдаушы – оқытушының «кездейсоқ сандар генераторы» бағдарламасымен көрсетуі арқылы);

9. Компьютер экранында емтихан қабылдаушы – оқытушы көрсеткен емтихан билетінің сұрағымен танысып, фотоға түсіріп алу.

10. Бөлінген уақытта жауапқа дайындалу керек. Жазбаша емтихан болған жағдайда қағаз парақтарына екі сұраққа толық жауап жазу. Жазбаша емтиханға бөлінетін ең ұзақ уақыт бір сұраққа 30 минут, барлық билетке 60 минуттан аспайтын есеппен анықталады

Жазбаша емтихан кезінде емтихан аяқталғаннан кейін (емтихан аяқталғаннан кейін 10 минуттан кешіктірмей) білім алушылар жауап парақтарын сканерленген түрде немесе фото түрінде қашықтықтан оқыту порталына Т.А.Ә. көрсетпей тіркейді

11. Егер емтихан тест түрінде өткізілсе, компьютерлік бағдарламамен қалыптастырылған кездейсоқ таңдау әдісі арқылы білім алушыға электрондық тест базасынан 20 емтихан сұрақтары ұсынылады. Тестілеу уақыты-50 минут

12. Ауызша емтихан жағдайында білім алушыға дайындалуға 30 минут, яғни бір сұраққа -15 минут уақыт беріледі. Білім алушы дайындық барысында қажет болған жағдайда қағазға жауаптың тезистерін жазуға болады. Жауап беруге дайындалғаннан кейін білім алушы оқытушы – емтихан алушыға емтихан билетінің сұрақтарына ауызша жауап береді.

13. Техникалық себептерге байланысты интернет байланыс үзілген жағдайда, 5 минут ішінде білім алушыға емтихан тапсыруды жалғастыру үшін бір рет қайта қосылу мүмкіндігі беріледі (сол билетке жауап береді), емтихан тапсыру уақыты ұзартылмайды.

Техникалық проблеманы жедел шешу мүмкін болмаған жағдайда (интернет-байланысты 5 минуттан артық үзілсе) кез келген ыңғайлы тәсілмен оқытушы – емтихан алушымен/техникалық хатшымен (қорытынды аттестаттау) тез арада туындаған техникалық проблема туралы хабарлау қажет. Содан кейін емтиханды кейінге қалдыруға өтініш жазады. Өтініш қашықтықтан оқыту порталына тіркеледі.

14. Емтихан кезінде сөйлесуге, көшіруге, орнынан тұруға, ұялы телефондарды, Bluetooth, фотоаппараттар мен бейнекамераларды, шпаргалкаларды, оқу материалдарының түрлерін, соның ішінде интернет-ресурстарын пайдалануға тыйым салынады.

Барлық сыртқы компьютерлік бағдарламаларды және сайттарды жабу қажет.

Осы талаптар бұзылған жағдайда емтихан тоқтатылады. Емтихан қабылдаушы – оқытушының / аттестаттау комиссиясымен бірге тиісті акт жасайды. Емтихан ведомосына «0» деген баға қойылады.

Емтиханға дәлелді себеппен келмеген жағдайда емтиханды ауыстыру мүмкін, оны растайтын құжаттарды ұсынған кезде білім алушының өтініші бойынша деканат рәсімдейді.

Емтиханды тапсыру нәтижелері емтихан ведомостарында көрсетіледі.

15. Білім алушылар емтихан ведомосы жабылғаннан кейін 24 сағат ішінде апелляцияға беруге болады. Апелляцияға өтінішті студент жауап парағын бекіткен жерде тіркеуі керек. Өтініште апелляцияның себебі нақты көрсетіледі.

16. Аралық аттестаттаудан өтудің басты қағидасы – Академиялық адалдық саясатын сақтау.

Осының салдарынан:

1) өзінің есептік жазбасына кіру деректемелерін бөгде адамға беруге / бөгде адамдардың көмегін қабылдауға / тестілеуден өту кезінде компьютерге кіруге рұқсат беруге.

2) аралық / қорытынды аттестаттау рәсімінен өту кезінде веб-камераның көру аймағынан шығуға

3) микрофонды өшіруге немесе оның сезімталдық деңгейін төмендетуге **жол берілмейді.**

17. Аралық/қорытынды аттестаттаудан өтуге қойылатын техникалық талаптар:

1. Интернетке тұрақты қосылыспен қол жеткізу.

2. Бейнеконференция байланысы кезінде жұмыс үстелін көрсету үшін арнайы бағдарламаны орнату.

3. Браузердің болуы.

4. Веб-камерамен және микрофонмен жабдықталған компьютер / ноутбук / планшет / смартфонның болуы.

18. **Ауызша және жазбаша емтихандар кезінде** проктор-оқытушы емтихан өткізудің барлық ережелерінің сақталуын қадағалайды, сондықтан проктор веб-камераны білім алушы мен оның жұмыс орнын көрсететіндей етіп орнату керек (дайындық кезінде камераға бүйірімен отыру). Проктордың талабы бойынша білім алушы жұмыс орнында немесе жанында тұрған заттарды көрсетуі тиіс.

Онлайн-прокторинг арқылы өткізілетін тестілік емтиханға қойылатын талаптар:

1) веб-камера қатаң түрде студенттің алдында орнатылуы керек, камераны бүйіріне орнатуға болмайды.

2) басы кадрға толық сәйкес келуі тиіс, камераның көру алаңынан ішінара немесе толық кетуге жол берілмейді;

3) адам веб-камераны көру аймағының ортасында болуы керек және сеанстың ішінде камера түсіретін кеңістіктің кем дегенде 10% -н алуы керек.

4) көзілдірік киюге тыйым салынады, мөлдір линзалары бар көзілдіріктерді ғана қолдануға болады.

5) емтихан кезінде жұмыс орнынан шығып кетуге тыйым салынады.

б) емтиханды браузерден өту керек, оның терезесі толық экранға шығарылуы керек, басқа қосымшаларға ауысуға болмайды (браузерлерді қоса) немесе браузерді бұруға, қосымша беттерді (беттерді) ашуға болмайды.

7. Компьютерде браузерден басқа веб-камераны қолданатын барлық бағдарламалар өшірілуі керек.

8. Емтиханның материалдары мен мазмұнын кез келген түрде жазып алуға, сондай-ақ оларды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

9. Дыбыстық, визуалды немесе басқа кеңестерді пайдалануға тыйым салынады.

10. Егер жүйені немесе прокторды алдау әрекеті жасалса, емтихан нәтижелері жойылады.

Емтиханды сәтті тапсыруыңызды тілейміз!